



«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі  
Қазақ-Түрік Университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

2022 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

### ЖҰМЫС НҮСҚАУЛЫҒЫ

ЖН-СМЖ-014-2022


### ОПҚ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ НҮСҚАУЛЫҒЫ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Ішкі қауіпсіздік бөлімі **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген – Өрт қауіпсіздік инженері А.Рысметов
3. Келісілді – Жауапты хатшы Г.Байсенкул  
– Заң бөлімінің басшысы Г. Мусаханов  
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ. Тубеков  
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж. Дарibaев  
– Еңбек және азаматтық қорғау бөлім басшысы Б.Налибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан -2022



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		ЖН-СМЖ-014-2022
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>ОПҚ, қызметкерлер және білім алушыларға арналған өрт қауіпсіздігі нұсқауылығы</b>		<b>4 беттің 2-ші беті</b>

## 1 МАҚСАТ

Университеттің осы жұмыс нұсқауының мақсаты университет аумағында өрт қауіпсіздігінің алдын алу болып белгіленеді .

## 2 ҚОЛДАНЫЛУЫ САЛАСЫ

Университеттің осы жұмыс нұсқауы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдарында қолданылады және СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

## 3 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

- ҚР Еңбек кодексі;
- ҚР Үкіметінің 10.23.2020 ж. № 701 қаулысы;
- ҚР 2014 ж. 11.04.2014 ж. №188-V Азаматтық қорғау туралы заңы;

## 4 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

- ХҚТУ- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
- СМЖ- сапа менеджментінің жүйесі
- ЖН-жұмыс нұсқауы
- ҚЕ-құрылымдық ереже
- ҚН -қызметтік нұсқау

## 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 5.1 Жалпы талаптар

5.1.1.Жалғаспалы немесе аралас жұмыстармен байланысты жұмыстарды орындау алдында ХҚТУ Ректорының бұйрығымен бекітілген қызмет түрлері бойынша Ережелермен белгіленген еңбек қорғау қауіпсіздігі бойынша талаптармен танысу қажет;

5.1.2. Университеттің барлық нысандарында және басқа да объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге осы объектілердің басшылары жауапты;

5.1.3. Құрылым басшылары өзінің қарамағындағы ОПҚ, қызметкерлер және студенттермен тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі қағидаларымен және өрт шыққан жағдайдағы іс-әрекеттермен танысу сабақтарын ұйымдастыру қажет. Оқу орындарында өрт қауіпсіздігі қағидаларын зерделеу бойынша нұсқаулық сабақтар өткізу қажет;

5.1.4. Өртке қарсы қатаң тәртіп орнату-өтпін абайсыз болудан, темекі тартудан, от жұмыстарын салғырт жүргізуден, электрожеліге қосылған электр арқылы жылу беретін аспаптардың қараусыз қалуынан өртке жол бермеудің басты мақсатын көздейді;

5.1.5. Университет аумағында от жағуға қатаң тыйым салынады;

5.1.6. Әр жұмысшы және қызметкерлері мен білім алушылар өртке қарсы белгіленген тәртіпті қатаң сақтауы, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалана алуы және өрт болған жағдайда эвакуация тәртібі мен жолдарын білуі тиіс;

5.1.7.Өртке қарсы бастапқы нұсқаулықтан өтпеген тұлғаларға жұмысқа кірісуге рұқсат етілмейді;

5.1.8. Өрт қауіпсіздік қағидасын бұзған тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

### 5.2. Жұмыс басталар алдында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.

5.2.1.Жұмыс басталар алдында әр қызметкер немесе жұмысшы:

5.2.2. Алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуын және жағдайы

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		ЖН-СМЖ-014-2022
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>ОПҚ, қызметкерлер және білім алушыларға арналған өрт қауіпсіздігі нұсқауылығы</b>		4 беттің 3-ші беті

5.2.3. Электрожабдықтың қолданыстағы нұсқаулық талаптарына сәйкес өртке қарсы жағдайын;

5.2.4. Түтін жою вентиляциясы жүйесінің жұмыс істеу қабілетін;

5.2.5. Телефон байланысының дұрыстығын;

5.2.6. Эвакуация жолдарының жағдайын тексеруге міндетті.

**5.3. Апат болған жағдайда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.**

5.3.1. Тұтанған жағдайда мекеменің өрт бөліміне шұғыл хабарлау.

5.3.2. Қалалық өрт сөндіру бөліміне телефон соғу тел. (101; 112);

5.3.3. Жану ошағын жою және адамдарды өрт орнынан эвакуациялау қажеттілігі бойынша шара қабылдау.

**5.4. Жұмыс аяқталар алдында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.**

5.4.1. Өзінің жұмыс орнын мұқият тазалау;

5.4.2. Алғашқы өрт сөндіру құралдарының жағдайын тексеру;

5.4.3. Дайын өнімді, жартылай фабрикатты сақтау нормаларын сақтай отырып арнайы бөлінген орындарда ғана сақтау;

5.4.4. Эвакуациялық жолдарды және шығу жолдарды бос қою;

5.4.5. Жұмыс орнында майлы арнайы киімді, ескі заттарды және басқа да өртке қауіпті заттарды қалдыруға тыйым салынады.

**5.5. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде:**

5.5.1. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлерді, дәліздерді, тамбурларды, галереяларды, лифт холдарын, баспалдақ алаңдарын, баспалдақ сатыларын, есіктерді, эвакуациялық люктерді) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықпен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа да заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін бекітіп тастауға тыйым салынады;

5.5.2. Шығу тамбурларында киім кептіргіштер мен ілгіштерді, гардеробтарды орналастыруға, сондай-ақ керек-жарақтар мен материалдарды сақтауға тыйым салынады;

5.5.3. Адамдар жаппай келетін ғимараттар мен үй-жайларда кілемдер, кілем төсемшелері және өзге де еден жабындары еденге берік бекітілу міндетті.

**КЕЛІСІЛДІ**

Жауапты хатшы



Г. Байсенкул

Заң бөлімінің басшысы



Г. Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы




Қ. Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж. Дарибаев

Еңбек және азаматтық қорғау бөлім басшысы



Б. Налибаев

